

**Мемлекеттік кәсіпорындар мен акциялардың мемлекеттік пакеті бар акционерлік қоғамдардың қызметін басқаруға контракт жүйесін енгізу жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 ақпандағы N 148 қаулысы .  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 685 қаулысымен.

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2336 Заң күші бар Жарлығын , сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 13 желтоқсандағы N 2680 Жарлығымен бекітілген 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**1. Мыналар бекітілсін:**

Мемлекеттік кәсіпорын басшысын жалдау туралы үлгілік контракт (1-қосымша) ;

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың және 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1504 қаулысымен.**

2. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге орталық және жергілікті атқарушы органдары 1996 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын жалдау туралы контрактілер мен акциялардың мемлекеттік пакетін сенім басқаруына беру және акционерлік қоғамды қайта құрылымдау контрактілерін жасасын.

**Қазақстан Республикасының**

*Премьер-Министрі*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 5 ақпандағы

N 148 қаулысына

N 1 қосымша

**Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын жалдау туралы  
үлгілік контракт**

Алматы қаласы

1996 жылғы " " \_\_\_\_\_

Бірінші тараптан, бұдан әрі "Жалдаушы" деп аталатын \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ атынан

(лауазымды адам және оның фамилиясы, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ бекітілген  
(кім, қашан)

Ереженің негізінде іс-қимыл жасаушы министрлік, мемлекеттік  
комитет (ведомство) \_\_\_\_\_

(оның атауы)

және екінші тараптан, бұдан әрі "Басшы" деп аталатын азамат

\_\_\_\_\_ (оның фамилиясы, аты, әкесінің аты)

төменгі туралы осы контрактіні жасады.

## 1. Контрактінің мәні

1. Осы контракт "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2336 Заң күші бар Жарлығына сәйкес және \_\_\_\_\_

(министрлік, мемкомитет, ведомство)

( ф . а . т . )

\_\_\_\_\_ (кәсіпорынның атауы және оның мекен-жайы)

басшысы етіп тағайындау туралы 199\_\_ " " \_\_\_\_\_

N \_\_\_\_\_ бұйрығының негізінде жасалды және оларға қатысты еңбек және тараптардың арасындағы құқықтық қатынастарды реттейді.

## 2. Басшысының құқықтары мен міндеттері

2. "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2336 Заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және кәсіпорын Жарғысына сәйкес басшы кәсіпорынға басшылықты және оны басқаруды жүзеге асырады.

3. Кәсіпорын басшысы осы контракт күшінде болатын кезеңде;

мемлекеттің тапсырыстарын орындауға;

салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді (оның ішінде зейнетақы қорларына), сондай-ақ кәсіпорынның қызметкерлеріне жалақыны

у а қ т ы л ы

т ө л е у г е ;

кәсіпорынның жоғары тиімділікпен тұрақты жұмыс істеуін және оның серпінді экономикалық және әлеуметтік дамуын;  
базалық кезең деңгейімен салыстырғанда өнім номенклатурасының, оны өндіру көлемінің ұлғайтылуын, жаңартылуын;  
кәсіпорынның шарттық міндеттемелерін орындауға;  
кәсіпорынның техникамен қайта жарақтандырылуын, жаңғыртылуын;  
Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдардың сақталуын, кәсіпорынның басқарылуын жетілдіру үшін құқық құралдарының белсенді түрде пайдаланылуын, шарттық тәртіптің, кәсіпорынның қаржы-экономикалық жағдайының нығайтылуын;  
кәсіпорынның әлеуметтік дамуы бағдарламасының орындалуын;  
экологиялық талаптардың сақталуын;  
ұжымдық шарт міндеттемелерінің орындалуын;  
мемлекеттік, қызмет және коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтердің қорғалуын;  
жұмылдыру бағдарламасының орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

**ЕСКЕРТУ. 3-тармақ 3 абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.03. N 286 қаулысымен .**

4. Кәсіпорын басшысы дара басшылық принциптеріне іс-қимыл жасайды және кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін кәсіпорын жарғысында белгіленген өз құзыретіне және осы Контрактіге сәйкес дербес шешеді.

5. Кәсіпорын басшысы еңбек заңдарына сәйкес өз құзыреті шегінде кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, оларға көтермелеу және жазалау шараларын қолданады.

Жалдаушы Басшының ұсынуы бойынша лауазымына тағайындайтын немесе лауазымынан босататын кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы кәсіпорын Ж а р ғы с ы н да б е л г і л е н е д і .

6. Басшының орынбасарларын Жалдаушы Басшының ұсынуы бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Басшы орынбасарларының және кәсіпорынның басқа да қызметкерлерінің құзыретіне Б а с ш ы б е л г і л е й д і .

7. Кәсіпорын басшысы кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша кәсіпорындағы еңбекке ақы төлеу жүйелері мен материалдық ынталандыру нысандарын белгілейді, өкілетті орган жыл сайын белгілейтін еңбекақы қоры (тұтыну қоры) шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің штаттық кестесін және лауазымдық жалақы мөлшерін дербес бекітеді.

Басшының орынбасарларының, кәсіпорынның бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, оларға сыйлық пен басқа да сыйақы беру жүйесін өкілетті орган белгілейді.

8. Кәсіпорын басшысы кәсіпорын мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

### 3. Жұмыс уақыты мен демалыс

9. Басшы үшін жұмыс уақытының ұзақтығы қолданылып жүрген еңбек туралы заңдарға сәйкес белгіленеді.

10. Басшыға қолданылып жүрген заңдарға сәйкес есептелген орташа жалақысы және лауазымды сақталатын жыл сайынғы демалыс беріледі.

Демалыс ұзақтығы \_\_\_\_\_ күн. Демалысқа шығатын уақыт Жалдаушымен келісе отырып белгіленеді.

11. Жалдаушы Басшының өтініші бойынша отбасындағы және басқа да орынды себептерге байланысты бұйрықпен ресімделген жалақысы сақталмайтын қысқа мерзімді демалыс бере алады.

### 4. Еңбек тәртібі

12. Басшы осы контракті бойынша міндеттемелердің орындалмағаны үшін қолданылып жүрген заңдарда көзделген жауапкершілікте болады.

**ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.04.03. N 286** қаулысымен .

13. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін басшыға жаза қолдану тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген еңбек заңдарымен реттеледі.

14. Еңбек міндеттемелерін табысты және жауапкершілікпен орындағаны үшін Басшыға көтермелеу шараларын қолдану тәртібі еңбек заңдарының және өкілетті орган бекітетін Басшыға сыйлық беру тәртібі туралы ережемен реттеледі.

### 5. Еңбекақы төлеу, кепілдік және өтемдік төлемдер

15. Басшыға айына \_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде лауазымдық жалақы белгіленеді.

16. Басшы осы контракт бойынша міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындаған жағдайда оған қосымша:

лауазымдық жалақысының \_\_\_\_\_ мөлшерінде үстеме;  
%

кәсіпорынның мемлекеттік тапсырысты және шарт міндеттемелерін 100 процент орындағаны үшін Басшыға сыйлық беру туралы ережеге сәйкес сыйлық;

кәсіпорында бекітілген ережеге сәйкес жыл үшін жұмыс нәтижелері бойынша сыйақы белгіленеді.

17. Кәсіпорынның нақты кірістер мен пайда алуына Басшы тікелей қатысқан жағдайда ол бір рет көтермелеу алуға құқылы, оның мөлшерін Жалдаушы белгілейді.

18. Басшыға жыл сайынғы демалыс кезінде қызмет ақысының ( \_\_\_\_\_ ) мөлшерінде қосымша материалдық көмекақы еселенген төленеді.

19. Басшы жасына қарай немесе заңда қарастырылған басқа да негіздермен зейнет демалысына шыққан жағдайда, кәсіпорынның рентабельдік жұмыс істеуіне қарай оған орташа айлық жалақы мөлшерінде бір мезгілдік сыйақы төленеді.

20. Жалдаушымен еңбек құқық қатынастарына байланысты Басшыға кепілдік және өтемдік төлемдер қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіп пен мөлшерде төленеді.

21. Басшының осы контрактіні күшінде болатын кезде, оқытушылық және ғылыми жұмыстан басқа қосымша жұмыс істеуіне және кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануына тыйым салынады.

## **6. Кәсіпорынның мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпиясы**

22. Басшы кәсіпорынның мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпиясын сақтауға міндеттенеді.

23. Қажет болған жағдайда Басшы Жалдаушыға мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпияны осы контракт күшінде болатын кезең ішінде, сондай-ақ Басшылық қызметі тоқтатылғаннан кейінгі, коммерциялық құпия болып табылатын мәліметтердің құрамы мен көлемі анықталатын белгілі бір кезеңде, жария етпеу туралы міндеттеме береді.

## **7. Басшы мен Жалдаушының жауапкершілігі**

24. Басшы кәсіпорын өнімдерінің өз шығынын өзі өтеуі мен бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорынның қажетінше басқарылуы үшін Жалдаушы алдында дербес жауап береді.

25. Басшы кәсіпорынның қызметі туралы Жалдаушы алдында тоқсан сайын кемінде бір рет есеп беруге, мемлекет тапсырысын, бизнес-жоспарды және кәсіпорынның басқа да міндеттемелерін орындаудың барысы туралы ақпарат беруге міндетті.

26. Басшы кәсіпорынның жарғысында көрсетілмеген қызметті жүзеге асырғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапқа

т а р т ы л а д ы .

**ЕСКЕРТУ. 26-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.03. N 286 қаулысымен .**

27. Жалдаушы Басшыға :  
басқа жұмысқа заңсыз аударылуы;  
заңсыз жұмыстан шығарылуы;  
еңбек міндеттерін орындауына байланысты зақымдануы немесе  
денсаулығына нұқсан келуі;  
заңдарда қарастырылған өзге де жағдайлардың нәтижесінде айырылған  
жалақысының орнын толтыруға міндетті.

## **8. Контрактінің күшіне енуі, оны қолдану мен бұзу мерзімі**

28. Контракт-тараптар контрактіге қол қойғаннан бастап күшіне енеді.

29. Басшы өз міндеттерін орындауға 199\_\_жылғы " " \_\_\_\_\_ кірісуге  
м і н д е т т і .

30. Жалдаушыға Басшыға \_\_\_\_\_ күнтізбелік күн сынақ мерзімін белгілейді.  
Сынақ мерзімінде Басшыға осы контрактінің күші жүреді.

Сынақ нәтижесі қанағаттанғысыз болған жағдайда Басшы еңбек туралы  
заңдардың талаптарына сәйкес лауазымынан босатылуы мүмкін.

31. К о н т р а к т :  
тараптардың келісімі бойынша;  
кәсіпорынның басшысы еңбек туралы заңдарда белгіленген тәртіпті сақтай  
отырып осы контрактіде көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда,  
Жалдаушының бастамашылығы бойынша;

Жалдаушы екі ай бұрын алдын ала ескертілген жағдайда, Басшының  
ұсынысымен мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

32. Ж а л д а у ш ы :  
жұмыстан босатуды бұйрықпен ресімдеуге және Басшының еңбек  
кітапшасындағы жазбаны дұрыс рәсімдеуге;  
жұмыстан босатылатын Басшыға еңбек кітапшасын босатылған күні беруге  
және онымен түпкілікті есеп айырысуды жүргізуге;  
контракт тоқтатылған кезде 31-тармақтың үшінші абзацында көзделген  
тоқтатылу жағдайларынан басқа, белгіленген мөлшерде шығу жәрдемақысын  
т ө л е у г е .

**ЕСКЕРТУ. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.04.03. N 286  
қаулысымен.**

33. Осы контракт 199\_\_жылғы " " \_\_\_\_\_дейін күшін сақтайды.

34. Контракт \_\_\_\_\_ жылға ұзартылуы мүмкін.  
Контрактінің жаңа мерзімге ұзартылуы Жалдаушы мен Басшы арасындағы

қосымша келісіммен хатталады.

35. Осы контрактіге өзгертулер мен толықтыруларды тараптардың біреуінің ұсынысы бойынша екінші тараптың келісімі алынып және жеке құжатта рәсімделіп, екі тарап та қол қойған жағдайда енгізуге болады.

36. Контракт әрбір тарап үшін бір-бірден 2 дана етіп жасалған.

**Тараптардың заңды мекен-жайлары:**

Жалдаушы:

Басшы:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

( А т ы - ж ө н і )

(Қолы)  
М.О.

Мекен-жайы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

паспорт сериясы \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

берген \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

( А т ы - ж ө н і )

\_\_\_\_\_

(Қолы)  
М.О.